

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TDXV4683>

***А. Ш. Кабжанова¹, Қ. С. Ереалиев², М. А. Уайханова³**

^{1,2}Ә. Марғұлан атындағы Павлодар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

³Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-3157-0428>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0479-6088>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6912-4824>

*e-mail: akabjanova@gmail.com

ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК ҚОРДЫҢ ЗАМАНАУИ КӨРІНІСІ

Мақалада қазақ халқының асыл да бай мұрасы – паремиологияның заманауи өзгеріске түсуі қарастырылады. Оның мән-мағынасын ашу барысында ғалымдардың пікірлеріне шолу жасалады, яғни лингвомәдениеттану саласы бағытында баспа бетін көрген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми ой-тұжырымдары сараланады. Тәжірибелік қыры интернет желісінен, түрлі сөздіктер мен көркем шығармалардан жинақталған тілдік деректерді талдау арқылы жүзеге асырылады.

Тіл білімінің лингвомәдениеттану саласы қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатыр. Сондықтан да ол көптеген зерттеушілерге қызығушылық тудырып, түрлі аспектіде зерделену үстінде. Тіл және мәдениет тұтастығына негізделетін ұлттық дүниетанымының құрамдас бөлігі – паремиология екені анық.

Мақал-мәтелдер өзінің қалыптасу, даму жолымен, мән-мағыналық сипатымен ерекшеленетін лексикалық бірліктердің бірі болып табылады. Онда ұлттың мұң-мұқтажы мен тұрмыстық жағдайлары көрініс табады. Тілдің паремиологиялық қоры халықтың рухани өмірімен, өткен тарихымен тығыз байланысты және тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Мақал-мәтелдер арқылы құндылықтарымыздың жаңаша қырдан, заманауи көзқараспен өзгеріске ұшырағаны байқалды.

Зерттеу жұмысында тілдік бірліктердің мағынасын ашуда лингвомәдени талдау, салыстырмалы әдіс, тілдік бірліктерді жинақтау, сипаттау, түсіндіру әдістері пайдаланылды.

Кілтті сөздер: паремиология, паремиологиялық сөздік қор, заманауи көрініс, лингвомәдени бірлік, лексикалық бірлік, ұлттық дүниетаным.

Кіріспе

Лингвомәдениеттану ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастау алып, бүгінгі күні қарқынды дамып келе жатқан тіл білімінің бір саласы болып табылады. Оның теориялық негізінің қаланып, терминдерінің айқындалуына В. Гумбольдт, В. Н. Телия, А. Вежицкая, В. Воробьев, А. Маслова, Н. Д. Арутюнова, Д.С. Лихачев, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, З.К. Сабитова, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Сейілхан т.б. сынды шетелдік және отандық ғалымдардың рөлі зор.

Аталған бағыттың ілгері басуына өзіндік үлес қосқан В. Воробьевтің лингвомәдениеттану еңбегі тіл мен мәдениет мәселелерін зерттейтін, мәдени құндылықтардың белгілі бір тәртіппен таңдалған және ұйымдасқан жиынтығын қарастырып, дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттейтін жаңа пән негізінде тіл біліміне етене енгені белгілі [1, 36-б.]. Ғалым лингвомәдениеттануға төмендегідей анықтама береді: «Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тілдің өзара байланысы мен іс-қимылын зерттейтін және осы процесті қазіргі заманғы басымдықтар мен мәдени белгілерге (нормалар мен жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі) бағдарлай отырып, жүйелік әдістер арқылы олардың тілдік және тілден тыс (мәдени) мазмұндағы тұтас бірліктер құрылымының синтездеу түріндегі пән» [1, 36-37-бб.].

Мәдениет өзін, ең алдымен, тіл арқылы көрсетеді әрі адам тіл арқылы өз мәдениетінің нәрін сіңіреді. В. Гумбольдтың тұжырымынша, тіл әрі біздің өз іс-әрекетіміз, әрі оның өзі – шығармашылыққа бастаушы пәрменді күш. Тіл – халықтың рухани болмысын анықтаушы нышан, ишарат [2, 16-б.].

Аталған мәселе тіл білімінде жан-жақты қарастырылса да, қазірдің өзінде лингвистика саласы үшін өзекті әрі құнды болып табылады. Сондықтан осы ой-пікірлер қазақ тіл білімі лингвомәдениеттану іргетасының қалануына да негіз болғаны анық.

Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымының зерделенуі ХХІ ғасырдан бастау алады. Тіл мен мәдениеттің түйісуінен пайда болған лингвомәдениеттанудың жаңа қырдан саралану нәтижесінде түрлі көзқарастар мен әр алуан тұжырымдар қалыптасты. Бұл ғылымдағы сабақтастықтың, заңды жалғастықтың көрінісін айғақтайды. Соңғы он-он бес жыл ішінде тіл мен мәдениет саласы бойынша бірқатар ғылыми зерттеу

жұмыстары, монографиялық еңбектер дүниеге келді. Лингвомәдениеттану ерекшеліктері, нысаны, пәні т.б. мәселелер туралы ғылыми тұжырымдар орнықты.

Зерттеу мақсаты – тіл мен мәдениет тоғысуынан пайда болған тіл білімі саласы – лингвомәдениеттанудың теориялық негізін саралап, паремиологияның даму жолдарын айқындау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай *міндеттерді* шешу көзделді:

1) лингвомәдениеттану бағытында қалыптасқан ғылыми ой-тұжырымдарды сипаттау;

2) ұлттық дүниетанымнан ақпарат беретін лексикалық бірлік – паремиологияның қалыптасу, өзгеру жолдарын анықтап, мән-мағынасын ашып талдау.

Материалдар мен әдістері

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде лингвомәдениеттану саласы бағытында баспа бетін көрген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері алынды. Талдауға түскен тілдік деректер интернет желісінен, сөздіктер мен көркем шығармалардан жинақталды.

Зерттеу жұмысында тілдік бірліктердің мән-мағынасын ашуда лингвомәдени талдау, салыстырмалы әдіс, тілдік бірліктерді жинақтау, сипаттау, түсіндіру әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Тіл білімінің лингвомәдениеттану саласы қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатыр. Оның қыр-сырын жан-жақты қарастырмай, бүгінгі заманауи көзқарасты толық сипаттау мүмкін емес. Сондықтан да ол көптеген зерттеушілерге қызығушылық тудырып, түрлі аспектіде зерделену үстінде. Осы бағытта қалам тартқан ғалымдар да аз емес. Соның бірі А. Маслова лингвомәдениеттану саласы жеке лингвомәдени бірліктерден тұратынын айтады. Негізгі ерекшелігі ретінде мыналарды көрсетеді:

- 1) баламасыз лексика және лақуна;
- 2) мифологиялық тілдік бірліктер: архетиптер мен тілде бекітілген мифологемалар, салт-дәстүрлер;
- 3) паремиологиялық сөздік қор;
- 4) фразеологиялық сөздік қор;
- 5) эталондар, стереотиптер, символдар;
- 6) метафоралар мен тілдік образдар;
- 7) тілдің стилистикалық тәсілі;
- 8) сөйлеу мәнері;
- 9) сөйлеу этикетінің ерекшеліктері.

Бұлар бізге біртекті жүйе ретінде емес, керісінше, гетерогенді жиынтық, яғни «мәдени ұғымды тасымалдаушы» тұрғысынан ұсынылады [3, 37-б.].

Аталған қатардағы мақал-мәтелдер өзінің қалыптасу, даму жолымен, мән-мағыналық сипатымен ерекшеленетін лексикалық бірліктердің бірі болып табылады. Онда ұлттың мұн-мұқтажы мен тұрмыстық жағдайлары көрініс табады. Тілдің паремиологиялық қоры халықтың рухани өмірімен, өткен тарихымен тығыз байланысты және тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Ол бүкіл тарихты, төл мәдениетті, ұлттық таным мен талғамды, мінез бен көзқарасты, сана мен салтты, дәстүр мен даналықты, сенім мен нанымды сақтайды. Мақал-мәтелдер – даналықтың көзі іспетті.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға тарап, мәнін жоймай сақталған мақал-мәтелдерден қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, дүниеге деген көзқарасын байқауға болады. Мағынасы терең, ойды дәл берген мақал-мәтелді кез келген дау-жанжалда, халық өміріне қатысты қажетті шешім қабылдағанда орнымен қолданудың маңызы зор.

Ә. Қайдар: «Қазақ мақал-мәтелдері халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді», – дейді [4, 98-б.]. Ұлттық дүниетанымнан ақпарат беретін лексикалық бірлік – паремиологиялық сөздік қор. Оны Отан, туған жер, отбасы, ата-ана т.б. сынды тақырыптарға жіктеуге болады. Солардың бірі – бата: *Жаңбырменен жер көгерер, Батаменен ел көгерер* [5, 56-б.].

Халқымыз әрқашан тілегін тілеп, берілген батаға ерекше ден қойған. Қуанышты тойлар мен келелі жоралғыларда ауылдың қадірлі қариясынан бата алып, тіршілігімізбен жаңғырып отырған. Бата беру дәстүрі арқылы ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеген. Яғни «бата – тәрбие көзі» болып есептеледі.

Бата-тілек сөздер көнеден келе жатқан, әрі өзінің заманына, оның ағымына сай жаңғырып, мағыналық жағынан түрленіп отыратын, мазмұнына әр заманның, дәуірдің өзіне тән ұғымдық ерекшеліктерін қамтыған фольклорлық жанр болып табылады. Мысалы:

*Ғали Арыстанның күшін берсін,
Мұсаның өмірін берсін,*

Дәуіттің көрігін берсін... [5]. Бұл ғасырлар бойы Ұлы далада салтанат құрған ислам дініне қатысты ұғымдарға, аңыз-әфсаналарға негізделгені анық.

Батаның мазмұны қазақ қоғамында алғыс пен қарғысты да, тілек пен дұғаны да, ризашылық пен ренішті де қамтиды. Халқымыздың рухани-тарихи тамырларының кең аясынан әдет-ғұрып пен салт-дәстүріміздің негізі саналатын бата беру дәстүрі өз құндылығын ешқашан жоғалтпасы анық.

Қазіргі таңда заман талабына сай кейбір мақал-мәтелдердің мән-мағынасы өзгерсе, екіншілері тіпті қолданыстан шығып қалуда. Оған *«Жаңбырменен жер көгерер, трафикпен сайт көгерер»* деген тілдік бірлік дәлел. Адам ұялы сымтетіктер мен компьютерлерге отырған кезде міндетті түрде интернетті пайдаланады. VK, YouTube, Google, Instagram, WhatsApp, Facebook сынды сан мың желілер алысты жақындатады. Осы шақтағы уақытта адамдардың бір-бірімен байланысуына және түрлі мағлұматтар алуына, тіпті бейнебайланыс орнатуға септігін тигізеді. Сол себепті *«трафикпенен сайт көгерер»* деп өзгерді. Трафик – мәлімет жеткізу желісіндегі хабарламалар ағымы.

Статистика бойынша 2022 жылдың басында бүкіл әлемдегі интернетті қолданушылар саны 4,9 миллиард адам болған, бұл әлем халқының үштен екісі бүкіләлемдік интернетке қосылған дегенді білдіреді. 10 жыл ішінде қолданушылар саны 2,2 еседен аса деңгейге өскен. Әлемде интернетті қолданушылар саны артуымен қатар, пайдаланылатын трафик көлемі де артады.

Демек, әлем бойынша трафиктің маңыздылығы соншалықты, сайттар оған тәуелді. Интернет желісі трафикпенен қызмет етеді. Ендеше, мақал-мәтеліміз заман талабына сай *трафикпенен сайт көгерер* деп өзгеріске ұшыраған.

Бүгінгі күні заман өзгерген сайын, құндылығымыз да өзгеріске ұшырауда. Осыған бір дәйек ретінде *«Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі»* деген мақалды қарастырып көрейік. Оның мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін, салтқа беріктігін білдіреді. Өйткені қыз баланың тәрбиелі, әдепті болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының әсері мол. Сондықтан да қыз баланың бойында ақылдылық, инабаттылық сынды жақсы қасиеттер жастайынан қалыптасуы тиіс. Халық *«Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без»* деп тегін айтпаған.

Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын... [6, 455-б.] – деп Абай жырлағандай, қыз бұрымы қашан да сұлулықтың символы мен әсемдік белгісі ретінде сипатталып келген. Жарыса сөйлеуге, жалғыз қыдыруға,

өтірік-өсекке, салт-дәстүрден аттауға т.б. тыйымдарды атап көрсетеді. Қыз болмысы қашан да нәзік бейнеленеді.

Ата-анасы қызын елдің бетіне тік қарайтындай намысын мығым, көңілін таза етіп өсіруге тырысады. Қыз тәрбиесі әр үй үшін аса маңызды рөл атқарады. Ол отбасының ғана емес, елдің – айнасы. Ал бүгінде *Қыз өссе – Instagram көркі* [7] деп ол қазіргі заман талабына орай өзгеріске ұшыраған. Өміріміз, күнделікті тіршілігіміз – интернет-желісіне (инстаграм, тикток, ватсап және т.б.) тәуелділігіміз өршіп бара жатқаны айдан-анық. Әлеуметтік желіні кішкентай баладан ақ жаулықты әжелерімізге дейін қолданады. Өсіресе ғаламторда инстаграм желісі ерекше жастар арасында қолданысқа ие.

Instagram – фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Оның көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға сүзгі қолдануға, сонымен қатар оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар [8]. Инстаграм желісі ХХІ ғасырдағы беделді әлеуметтік желілердің бірі болып табылады. Ғаламтор қолданушылары суреттерімен бөлісе отырып, өмірі жайында ақпарат беріледі. Бұл инстаграм парақшада сүйкімді қыздар көрікті келбетімен баурап алады.

Барлық адамдар интернет желісін (инстаграм парақшасын) пайдаланады. Күнделікті өмірімізден интернет әлемі қызығырақ болып барады. *Қыз өссе – Instagram көркі* деген заманауи мақалымыз осы ой түйіндісінен шыққан болса керек.

Қыздар демекші, ұлдарымыз да – біріне аға, бауыр, іні. Осы нәзік қыздарымызды қорғайтын ағалар бар. *Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар*. Аға іні-қарындастарының қуанышына ортақтасып, қайғысын бірге көтеріседі, жығылғанда демейді. Ал іні – ағаның артынан ерген із. Бауырым деп бағалайтын қазынасы. Аға мен іні арасындағы қарым-қатынас – ең ізгі, берік туыстық қатынас. Кішіпейіл, турашыл мінезімен ел қамы, жарқын болашақ үшін еңбектеніп жатқан ағалар туралы өлең-жырлар да, әндер де көп. Мысалға:

Ағасы бардың жағасы бар,

Асқар таудай панасы бар.

Алдыңа бастау жолды көрсететін,

Жанашыр адал көңіл санасы бар.

Аман жүр, аға, жеңгеммен,

Жан бар ма саған тең келген.

Несібең тасып, бақ қонып.

Тірегім болшы дем берген.

Туган күніңмен, ағатайым! [9, 84-б] Аға мен іні арасында өзара тазалық, бауырмалдық, тілектестік сезім жататыны бесенеден белгілі.

Дәстүрлі мақал-мәтел «*Ағасы бардың – жағасы бар, мамасы бардың – ақшасы бар*» деген мағынаға ауысқан [9]. Ақша адамзаттың ойлап тапқан керемет өнертапқыштығының бір куәсі деуге болады. Біздің заманымызда ақша көптеген адамдар үшін өмірдің негізгі мәні болып отыр. Адамдар ақшалай табыс табу үшін өзінің барлық уақытын сарп етуге дайын. Уақыттың құнын білмей, табыс табуға әрекет етуіміз соншалықты, бұрынғы ақ жаулықты апаларымыздай нанды өз қолымызбен пісіру жоқ. Ата-әжелеріміз бұрын нанды еңбектеніп пеште пісірсе, қазіргі таңда ақшаға сатып алады.

Қазақ халқы нанды ерекше құрметтейді. Сондықтан болса керек, сөздік қорында нанға қатысты мақал-мәтелдер де ұшырасады: *нан бар жерде ән* [10, 156-б.]. Береке мен бірліктің, денсаулық пен байлықтың бастауы қасиетті нанда жатыр. Сондай-ақ атам қазақ нанды ерекше қастерлеген, тіпті бейәдеп жаратқанда «киесі атады» деп түсінген. Нан – адамзаттың басты құндылығы, ол молшылықтың және әл-ауқаттың белгісі. Егде жастағы адамдар бұл тағамның қадірін біліп, оның жерде жатқанын көрсе, обал болады деп сөз еткен. Ол кезде заманауи технологиялар болмады. Барлық зат қолмен жасалып, үлкен шеберлік пен күшті қажет еткен. Әр отбасы егіс алқаптарында аянбай тер төгіп, бидай өсірген. Сол себепті де біздің ата-бабаларымыз нанды ерекше құрметтеген.

Бірақ бүгінде көптеген адамдар оның шынайы құндылығын ұмыта бастаған секілді. Қазіргі таңда нанды құрметтемей, танысы бар адамды пір тұтады. Адал еңбекпен жетістікке жеткендерге қарағанда, мемлекеттік қызмет, пара алу арқылы байлыққа жеткендер көп. Пара беріп, мұқтаж жандар тізіміне іліккендер нағыз әлеуметтік масылдықтың мысалы бола алады. Қоғамда таныс арқылы ғана белгілі бір дәрежеге жете аласың деген ой қалыптасқаннан кейін *таныс бар жерде шанс* бар деген заманауи мақал қолданыла бастайды.

Жоғарыда айтылған лингвомәдени бірліктердің бірі – паремиология ғана емес, сондай-ақ нақыл сөздер де заманауи қолданысқа ие болуда. Оған дәйектеме Қадыр Мырза Әлидің «Домбыра» өлеңінің алғашқы шумағы қанатты сөзге айналып кеткені де белгілі:

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра.

Нағыз қазақ – қазақ емес,

Нағыз қазақ – Домбыра! [11, 78-б.]

Домбыра аспабының қаншалықты қадірлі екенін қаламгер екі-ақ ауыз сөзбен осылайша түйіндейді. Расында да, қазақ поэзиясындағы домбыра бейнесі – ежелгі жыр-дастандардан бүгінгі жас толқынға дейін жырланып келе жатқан мәңгілік тақырып.

Домбыра мен қазақ – егіз ұғым. Домбыра – қазақтың музыкалық аспабы ғана емес, ұлттық имиджіні қалыптастырушы құрал. Қазіргі тілмен айтқанда,

ұлттық бренд. Оны брендiге айналдырған халқымыздың музыкалық мол мұрасы мен әлемге әйгiлi өнерпаздары.

Interest in dombra, as well as its popularity, never faded. Today, an increasing number of young people masterfully wield this instrument, which cannot but rejoice, and it is in our power to preserve this tradition and pass it on to the next generation. The structure of modern Kazakh musical culture, on the one hand, reflects the complex and nonlinear historical process of its development, on the other – some global trends. The republic preserves the most ancient forms of art, while at the same time, the culture is constantly changing under the influence of immanent and external changes of modern times [12]. Ұлттық құндылықты шет елге дәріптеу, домбырамызды әлемге паш ету – әрбір қазақ баласының парызы десек те, қазіргі уақытта сол көрініс көз алдымыздан жоғалып бара жатыр. Домбыраны шерте білу былай тұрсын, оны қалай ұстауды білмейтін ұрпақ көбеюде. Халықтың уайымы ақша жетіспеушілік болғандықтан, несие (кредит) алу басты құндылыққа айналуда. «*Кредиті жоқ қазақ – қазақ емес*» деген нақыл сөз осы ойдан шықса керек.

Қорытынды

Қысқасы, тіл мен мәдениет тоғысуынан пайда болған тіл білімі саласы – лингвомәдениеттанудың теориялық негізін саралап, лингвомәдени бірліктердің бірі – заманауи мақал-мәтелдердің даму жолдары қарастырылды, мән-мағынасы өзгеріске ұшырағаны анықталды. Онда ұлттың мұң-мұқтажы мен тұрмыстық жағдайлары көрініс тапты. Тілдің паремиологиялық қоры халықтың рухани өмірімен, өткен тарихымен тығыз байланысты және тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін көрсетті.

Мақал-мәтелдер арқылы құндылықтарымыздың жаңаша қырдан, заманауи көзқараспен өзгеріске ұшырағаны байқалды. Ертеде ата-бабаларымыз Отанды сүю, тәлім тәрбие беру, патриоттық сезімді ояту болса, қазіргі таңда адамдардың санасы, ойы, қоғамның өзгеруіне байланысты құндылықтарымыз да өзгере бастады. Осы бағытта заманауи мақал-мәтелдер де пайда болды. Алайда осындай қыр-сыры мол тілдік бірліктердің заман талабына сай өзгеріске ұшырауы бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде толыққанды қарастырылған жоқ. Бұл ізбасар зерттеушілердің міндеті болып табылмақ.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Воробьев, В.** Лингвокультурология. Теория и методы [Текст] / В. Воробьев. – М. : РУДН, 1997. – 331 с.

2 **Хайруллин, И. И.** Философские идеи в наследии А.А. Потебни: автореф. ... канд. филол. наук [Текст] / И. И. Хайруллин. – Мурманск : МГТУ, 2008. – 20 с.

3 **Маслова, А.** Лингвокультурология: учебное пособие для студентов высших учебных заведений [Текст] / А. Маслова. – М. : Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.

4 **Қайдар, Ә.** Ғылымдағы ғұмыр: ғылыми. I том: Мақалалар, баяндамалар жинағы [Мәтін] / Ә. Қайдар. – Алматы : «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.

5 Баталар. Өсиеттер. Дұғалар [Мәтін]. – Алматы : «Таным» баспасы, 2021. – 132 б.

6 **Абай (Ибраһим Құнанбаев).** Өлең – сөздің патшасы [Мәтін] / Абай. – Алматы : Дәуір, 2006. – 566 б.

7 Қыз өссе – Instagram көркі [Электронды мәтін] <https://kk.wikipedia.org/wiki/Instagram>

8 Заманауи Қазақстан [Электронды мәтін] https://vk.com/z_qazaq

9 **Әрзібаева, Б.** Бабалар сөзі. Жүз томдық. Жауапты ред.: М. О. Өуезов ат. Әдебиет және өнер институты [Мәтін] / Б. Әрзібаева. – Астана : Фолиант, 2008. – 332 б.

10 **Балтабай, Ад.** Асыл қазына [Мәтін] / Ад. Балтабай. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 2009. – 320 б.

11 **Қабдолов З.** Қадырдың қадірі – Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындылардың көп томдығы. 1-т. [Мәтін] / З. Қабдолов. – Алматы : «Қазығұрт баспасы», 2001. – 450 б.

12 **George Edwards.** Dombra phenomenon in the Kazakh reality [Electronic text] <https://cyberleninka.ru/>

References

1 **Vorobyov, V.** Lingvocol'turologia. Teorya i metody. [Linguoculturologya. Theory and methods] [Text]. – Moscow, 1997. – 31 p.

2 **Hairullin, I. I.** Filosofskie idei v nasledii A. A. Potebni: avtoref. ... kand. fil. nauk. [Philosophical ideas in the history of A. A. Potebni: abstract ... kand. philol. nauk] [Text]. – Murmansk, 2008. – 20 p.

3 **Maslova, A.** Lingvocol'turologya : Uchebnoe posobie dlya studentov vysshish uchebnyh zavedenii. [Linguoculturologya : a teaching post for students of higher educational institutions] [Text]. – Moscow, 2001. – 208 p.

4 **Qaidar, A.** G'ylymdag'y g'umyr : g'ylymi. I tom: Maqalalar, bayandamalar jinag'y. [Life in Science: Scientific. Volume I: Collection of articles, reports] [Text]. – Almaty, 2014. – 520 p.

5 Batar. O` sietter. Dug` alar. [Parting words. Wish. Prayer.] [Text] – Almaty, 2021. – 132 p.

6 **Abai (Ibrahim Kunanbaiev)**. O` len` – so`z din` patshasi. [The poem is the king of the word] [Text]. – Almaty, 2006. – 566 p.

7 Kyz esse – Instagram kerkі [Grown up girl is Instagram beauty] [Electronic text] <https://kk.wikipedia.org/wiki/Instagram>

8 Zamanai Qazakstan [Modern Kazakhstan] [Electronic text] https://vk.com/z_qazaq

9 **Ázibaieva, B.** Babalar sozi. Juz tomdyq [The Word of ancestors. One hundred volumes] [Text]. – Astana, 2008. – 332 p.

10 **Baltabai, Ad.** Asyl qazyna [The treasure] [Text]. – Almaty, 2009. – 320 p.

11. **Qabdolov, Z.** Qadirdin qadiri – Qadir Mirza Áli. Tandamali tuindilardin kop tom digi. T.1. [The dignity of kadyr is Kadyr Mirza Áli. Many volumes of Selected Works. T.1.] [Text]. – Almaty, 2001. – 450 p.

12 **George Edwards.** Dombra phenomen in the Kazakh reality [Electronic text] <https://cyberleninka.ru/>

31.03.24 ж. баспаға түсті.

12.06.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. Ш. Кабжанова¹, К. С. Ергалиев², М. А. Уайханова³

^{1,2}Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 31.03.24.

Поступило с исправлениями 12.06.24.

Принято в печать 25.11.24.

СОВРЕМЕННОЕ ОТРАЖЕНИЕ ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКОГО СЛОВАРНОГО ЗАПАСА

В статье рассматривается современная трансформация паремиологии – богатого наследия казахского народа. В ходе исследования проводится обзор мнений ученых, то есть анализируются работы зарубежных и отечественных ученых в области лингвокультурологии. Практический анализ осуществляется

путем сбора языковых единиц из сети Интернет, различных словарей и художественных произведений.

В настоящее время лингвокультурная область языкознания развивается динамично. Именно поэтому она представляет интерес для многих исследователей и изучается в различных аспектах. Паремология является составной частью национального мировоззрения, основанного на единстве языка и культуры.

Пословицы являются одной из лексических единиц, отличающихся своим становлением, развитием, смысловым характером. Они отражают национальные потребности и условия жизни народа. Паремологический фонд языка неразрывно связан с духовной жизнью и историей народа, и отражает национальный колорит, национальные особенности языковой картины мира. Пословицы передают изменения в системе ценностей народа, с современной точки зрения.

В исследовании, для раскрытия значения лексических единиц, использовались метод лингвокультурологического анализа, сопоставительный метод, сбор, описание и интерпретация языковых единиц.

Ключевые слова: паремология, паремологический словарный запас, современный взгляд, лингвокультурные единицы, лексические единицы, национальная картина мира

A. Sh. Kabzhanova¹, K. S. Ergaliev², M. A. Uaikhanova³

^{1,2}Pavlodar Pedagogical

University named after A. Margulan,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 31.03.24.

Received in revised form 12.06.24.

Accepted for publication 25.11.24.

THE MODERN TYPE OF PAREMIOLOGICAL VOCABULARY

The article considers the rich heritage of the Kazakh people - the modern transformation of paremiology. In the course of its comprehension the review of scientists' opinions is given, i.e. the scientific thought of foreign and domestic scientists published in the field of linguoculturalology

is analyzed. The practical aspect is carried out by analyzing linguistic units collected from the Internet, various dictionaries and artistic works.

The field of linguoculturology of linguistics is currently developing dynamically. Therefore, it is of interest to many researchers and is studied in various aspects. It is obvious that a constituent part of the national worldview, which is based on the integrity of language and culture, is paremiology.

Proverbs are one of the lexical units, distinguished by their formation, development, semantic character. It reflects the needs and everyday conditions of the nation. The paremiological fund of the language is closely connected with the spiritual life, history of the people and reflects the national coloring in the language, the national specificity of the linguistic image of the world. In proverbs and sayings it has been noticed that our values undergo changes from a new side, from a modern point of view.

The research work uses methods of linguistic and cultural analysis, comparative method, generalization, description, interpretation of linguistic units in revealing the meaning of linguistic units.

Keywords: paremiology, paremiological vocabulary, modern view, linguocultural units, lexical units, linguistic units, national worldview.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz